# Ауданаралық (қалааралық облысішілік), ауданішілік, қалалық (ауылдық) және қала маңындағы қатынастарда әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша автомобильмен жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың залалдарын субсидиялау

| | |
|---|---|
| **Мемлекеттік орган** | Қазақстан Республикасы Идустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (көрсетілетін қызметті беруші -Мемлекеттік көрсетілетін қызметті облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары) |
| **Қызметті алушылар** | жеке және заңды тұлғалар |
| **Қызмет көрсету орны** | 1) көрсетілетін қызметті беруші;<br>2) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғам); |
| **Қызметті көрсету мерзімдері** | 5 (екі) жұмыс күні |
| **Қызмет құны** | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетілетін қызметті беруші "Әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалдарын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығындарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 тамыздағы № 883 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12353 болып тіркелген) сәйкес Әлеуметтік маңызы бар автомобиль қатынастарын субсидиялау туралы шарт жасасқан жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) ақысыз көрсетеді |
| **Құжаттартізбесі** | 1) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;<br>2) орындалған жұмыстар актісі;<br>3) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік маңызы бар субсидияланатын автомобиль қатынастары бойынша нақты тасымалданған жолаушылар туралы есеп;<br>4) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша билеттерді сату бойынша есеп;<br>5) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жолаушылар тасымалынан түскен қаржылық қаражат туралы есеп;<br>6) маршрут (километр) бойынша өткен жолға сүйеніп, қалалық (ауылдық) немесе қала маңы қатынастарында |

| | |
|---|---|
| | жолақысын электрондық төлеу жүйесін пайдаланған жағдайда, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Тасымалдаушының жолаушыларды маршруттарда тасымалдаумен байланысты шығыстарының көлемі жөніндегі есеп;<br>7) тасымалдаулар ауданаралық (қалааралық облысішілік) немесе ауданішілік қатынастарда жүзеге асырылған жағдайда, автовокзалдардың (автостанциялардың) диспетчерлік қызметінің құжаты немесе ауылдық округтің әкімінен немесе оны алмастыратын адамнан осы маршрут бойынша орындалған рейстерді растайтын анықтамалар;<br>8) қалалық (ауылдық) немесе қала маңы қатынастарында жолақысының электрондық төлеу жүйесін пайдаланған жағдайда, маршрут (километр) бойынша өткен жолға сүйеніп, осы маршрут бойынша орындалған рейстерді растаушы елді мекеннің бірыңғай диспетчерлік қызметтен алынған құжат;<br>9) қалалық маршруттар бойынша рейстерді орындамағанын растайтын диспетчерлік қызметтің (бар болған жағдайда) құжаты.<br>Жеке басын куәландыратын құжат туралы ақпаратты Мемлекеттік корпорация қызметкері "электрондық үкіметің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады. Құжаттар түпнұсқамен тексерілгеннен кейін көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.<br>Мемлекеттік корпорация қызметкері осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсету кезінде, егер Қазақстан Республикасының заңдарымен өзгеше көзделмесе, ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғауды құрайтын құпия мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушыдан жазбаша түрде келісім алады. |
| **Қызмет көрсету нәтижесі** | Тапсырыс берушінің өкілі қол қойған нысан бойынша орындалған жұмыстар актісі немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. |
| **Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты** | http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900019534 |